	Математика негіздері Міндеті: Кеңістік тура-лы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте ор-наластыру (<i>сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде</i>) Мақсаты: Кеңістікте және қағаз бетінде бағ-дарлау білімін кеңістік-те орналасуы туралы білімін қалыптсатыру. <i>Шағын топпен жұмыс. Педагог «Суретті жұмбақта» ойынын ұйымдастырады. Сөздерді жұмбақтап бастуға ұсынады: ол парақтың төменгі сол жағында. Балалар карточкаларды карайды, заттарды ойластырады, орналасуын сипаттайды.</i>	Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонация-мен айту Мақсаты: Қазақ халқы-ның тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру. Киіз үйді, киіз үй ішін-дегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету. – Суреттен не көріп тұрсыңдар? – Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй-ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспай-тын құрғақ жерге тігі-леді. Қыста жылы, жаз-да салқын. Үйдің жабу-лары киізден жасалған-дықтан, «киіз үй» деп атаған. – Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша се-зімдерді ұйқас сөздер-мен суреттейді. Педагог өлеңді мәнер-леп оқып береді	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сөздерді ды-быстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, да-уысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Мақсаты: Төрт дыбыс-тан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту. <i>Дидактикалық жаттығу: «Берілген дыбысқа сөз ойла»</i> Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша таратады. 1-тапсырма: Педагог балаларға «Л» дыбысы-нан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: лақ, лақтыр, лағыл, лимон, лайк. 2-тапсырма: Педагог балаларға «М» дыбысы-нан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: маймыл, ман-ты, мақта, махаббат, мал, ми, мысық, мыл-тық, мықты, маржан, Меруерт, минут, мейіз. 3-тапсырма: Педагог балаларға «К» дыбысы-нан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: күрек, күшік, күлкі, кесе, кеше, кеме, көлеңке, көтер, көңіл, көл, көмір, көмбе, көбе-лек, көлшік, кір, кілем, кілт, күміс. Ойын соңында кім көп жұлдызша жинаса, сол жеңіске жетеді	Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонация-мен айту. Мақсаты: Қазақ халқы-ның тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру. 1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлаудан қандай жа-нуарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. <i>Ұқсайтын шеңберге, Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді.</i> (Киіз үй)	Қоршаған ортамен таны Міндеті: Тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткіз басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдік-тердің ө-ушін ылғал-дың жарықтың, жыл мен тыңайтқыштың қажеттігін білу. Мақсаты: Бала-дың бойында тү-өсімдік-тердің өсетін жері (<i>дал-лық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.</i>), аймақтың ерекш-лігіне қарай өсетін: <i>жантан сексеуіл, бете-г құм акациясы, ебелек (қаңбақ)</i> жүзгін сынды өсімдіктер тура-түсінік

		Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай? Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең саған ұнады ма? – Авторы кім? – Өлең қалай аталады? – Өлеңде не туралы айтылған? – Киіз үйдің пішіні қандай?		қалыптастыру. «Үйшік» ойыны ұйымдастырады. Балаларға ҰОҚ- қатыс-ты суреттерді үлестіреді. Педагог «үйшікте» отырады. Оған кіргісі келетін адам өз қолындағы зат пен педагог қолындағы зат-ты ұқсастығы мен айыр-машылығын айтып беруі тиіс. Ойынды балалар да жүргізе алады. Ойынға кіріседі. Б: Үйшікте кім тұрады? П: Бұл мен – көгал. Б: Ал мен – орманмын. Мен үйшікке кіргізішпін. П:Маған қай же-ұқсай-ды? Сонь айтсаң кіргізейің. Б: Менде де,сенде шөптер мен гүлдер, саңы-рауқұлақ өседі, жәндік-тер, ұсақ жануарлар тір-шілік етеді. Көгалда да, орманда да серуендеуге болады. Жел соққан кезде сен шулайсың, мен шулаймын.
--	--	---	--	---

				Б: Түк, түк. Менің көл-мін. Менің үйшікке кіргізіңізші. П: Егер көгалда айыр-машылығыңды айтсаң кіргіземі? Б: Мен судан тұрамын. Ал, көгалда су жоқ деуге болады. Менде тіршілік ететін жануарларды көгалда кездестіруге мүмкін емес. Адамдар маған дыруға емес, су түсуге келеді.
3 ұйымдастырылған іс-әрекет				
Қоршаған ортамен танысу Міндеті:Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. <i>«Өлі табиғат»</i> ұғымымен таныстыру <i>(су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр)</i> Мақсаты:Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыс-тар туралы түсініктерін кеңейту. Суретші жылдың қай мезгілін суреттеген? Көктемде табиғаттың қандай құбылыстарын байқауға болады? Суретті мұқият қарап шығып, табиғатта қан-дай	Қазақ тілі Міндеті:Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,- Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетте-рін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету. Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме? Педагог <i>«Нан қайдан шығады?» (М. Етек-баев)</i> ертегісін бала-ларға ұсынады. Иллюстрациялар көрсе-тіле отырып, ертегі оқылады. Ертегі не туралы? Жаңа сөздермен таныстыру. – Мынау кім? – Мынау – сатушы.	Сөйлеуді дамыту Міндеті: Интонациясы бойынша сөйлемдерді <i>(хабарлы, сұраулы, леп-ті)</i> ажыратып,сөйле-генде қолдана білуді дамыту. Мақсаты: Алған білімдерін пысықтау. Таңдаған ертегіні сахналау	Қазақ тілі Міндеті: Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр. Мақсаты: Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру. Ұнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. – Балалар бұл ненің даусы? Мәтін оқу. <i>«Адам жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мы-сықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жану-арлары деп</i>	

	өзгерістер болғанын айтады. Неліктен көктем келді деуге болады? Көктем қалай басталады? Көктемнің барлық белгілерін еске түсіреді. Ойын түріндегі жат-тығу: «Күн мен ойнайық» Тақтада сары түсті дөңгелектің суреті ілінеді. Педагог үстел үстін жатқан сары түсті жолақ қағаздарды дөңгелектің айналасына ілу керек-тігін айтады. Күн сәулесі қандай болады? Жылы – деп, бір жолақты шеңбердің айналасына жапсырады. Жарық.	– Сатушы нан сатады. – Сатушы не істейді? – Сатушы нан сатады. – Мынау кім? – Мынау – наубайшы. – Наубайшы не пісіреді? – Наубайшы нан пісіреді. – Мынау не? – Мынау – бидай. – Мынау кім? – Мынау – диірменші. – Диірменші бидайдан не жасайды? – Диірменші бидайдан ұн жасайды. – Мынау – ұн.		аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шаңаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. – Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді.	
	4 ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Дене тәрбиесі Маманының жоспары бойынша	Музыка Маманының жоспары бойынша	Дене тәрбиесі Маманының жоспары бойынша	Музыка Маманының жоспары бойынша	Дене тәрбиесі Маманының жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету				
Серуендеу	Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл	Бақылау: Жолжелкенді бақылау Мақсаты: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды	Бақылау: Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра	Бақылау: Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы	Бақылау: Гүлдерді бақылау Мақсаты: — Көктемгі гүл

	аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды кніз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа ұлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі,	жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі -Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққимге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаниуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. Балаларға сұрақтар: ♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы) ♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар) ♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі) ♦ Мына өсіп тұрған өсімдік	білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: *Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) *Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) *Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) *Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) *Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіндер? (көбелек, құрт т.б) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).	түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А.Мендібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ Ал, сендер суреттен не көріп тұрсындар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан) ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) ♦ Қазір аспан көрнісі	туралы түсініктерін кеңейту; — Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; — Табиғатты сүйуге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып әңгімелесу жүргізеді ♦ Қандай үй гүлдерін білесіндер? ♦ Қандай дала гүлдерін білесіндер? ♦ Олардың қанд айырмашылығы бар? ♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? ♦ Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? ♦ Оларды қалай күтесіндер? ♦ Гүлді отырғызбас бұры не істеу керек?
--	--	---	---	---	---

	әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ◆Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ◆Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ◆Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ◆Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмыс: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	қалай аталады? (<i>жолжелкен</i>) ◆Оны неге олай атаған? ◆Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. .	◆Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ◆Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ◆Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. .	қандай? (ашық көк) ◆Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ◆Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ◆Жаңбыр қандай температурада жауады? ◆Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты:</i> кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.	◆Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? ◆Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? ◆Осы кезде біздің гүлді неге аулақ отырғызуға болмайды? ◆Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер біржылдық деп аталады? Еңбек Гүл егетін алаң жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> — Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; — Гүлдердің өсіп-жету туралы білімдерін қалыптастыру.
Серуеннен	Балалар серуеннен оралғаннан кейін киімдерін ұқыпты шешіп жинап қоюға тәрбиелеу				

оралу					
Балалардың дербес әрекеті	Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты: - Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.	Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады	Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: —Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; —Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.	Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма» Мақсаты: бөре үстімен жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Әр гүлдің иісі басқа. -Гүл-араға, бал балаға. Қызыл гүл көз алыстан шалынар.
Балалармен жеке жұмыс	Беркінбай Ақанмен жұмыс Аптакүндеріне арналған тапсырма Мақсаты: аптакүндерімен таныстыру.Қайталапайтқызқ арқылытіліндамыту. Біріншісі-дүйсенбі Екіншісі-сейсенбі Үшіншісі-сәрсенбі Төртіншісі-бейсенбі Бесіншісі -жұма Алтыншысы –сенбі	Іңкәрмен жұмыс Зияндыжәнепайдалы тағамтүрлерімен таныстыру. Мақсаты:пайдалытағам түрлеріментаныстыру тапсырманыорындау арқылытілін,ойын,қиялық дамыту.	Канатов Ердаулетпен жұмыс Астанақаласының видеосын көрсету. Мақсаты:қалатуралыойын білу,сұраққоюарқылытілін дамыту. https://www.youtube.com/watch?v=UHBew97Y_mk	Серік Айзеремен Мақата қыз бен мысықертегісі Мақсаты.Ертегікейіпкерлерінің аттарынатау,көруарқыл ыесте сақтауындамыту. https://www.youtube.com/watch?v=RWMpJUhvic8	Орынбай Әли мен жұмыс Д.О Жылмезгілдері Мақсаты:жылмездерітуралы айту Ойынарқылжылмезгілдерітуралы ойын дамыту.

	Жетіншісі-жексенбі				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапта оқу және тағы басқа әрекеттер)	Артикуляциялық ойындар "Сиқырлы әліпби" Балалар дыбыстарды анық айтуға жаттығады, әр дыбысты созып, дауыстап айту арқылы сөйлеу аппаратын жаттықтырады. Әр дыбысқа ұқсас заттар мен жануарлар дыбыстарын еске түсіріп ойнайды (мысалы, "м" – "мама").	Ұлттық ойындар "Сақина салмақ" Ұлттық ойынды жетілдірілген түрде ойнату. Бір баланың қолына сақина салып, топтағы балаларға тез арада табуды тапсырады. Жылдам реакция және сезіну қабілеттерін дамытады.	Артикуляциялық ойындар "Дыбысқа еліктеу" Балалар жануарлардың, табиғат құбылыстарының дыбыстарына еліктейді. Мысалы, мысықтың "мяу", иттің "гав", жаңбырдың "тырс-тырс" дыбыстары арқылы артикуляцияларын дамытады.	Ұлттық құндылық "Қазақ оюын жаса" Балаларға түрлі-түсті қағаздар, фломастерлер беріледі. Олар қазақ оюының қарапайым үлгісін жасауды үйренеді. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға, ұлттық өрнектермен танысуға көмектеседі.	Тактильді ойындар "Жұмбақ затты тап" Балалардың көзін байлап, қолына әртүрлі заттарды ұстатады (мысалы, жұмсақ ойыншық, қасық, түйме). Балалар сипап сезу арқылы заттарды ажыратады.

Бала-лардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігіменойнайбілсе,мінезі і ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өзжақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігіменойнайбілсе,мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмететудіңалғышарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану.Киімдеріміндеттітүрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз,белдеушесіз.	Ата–аналарғакеңесЕгерСіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімдіболсамектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жаса қажет, ол көбінеата–анажағынанболуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп аймалап, жиі оғанөзмейірімінздікөрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңзді толғандыратын мәселеніайтудалақболыңыз.

Тексерген ОІ орынбасары :

Тулегенова Д.С.

Құрастырған: тәрбиеші Туймакова К.К.

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы: Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 28.04 - 02.05. 2024 - 2025 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 02.05.2025
Балаларды қабылдау	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- Дина Нұрпейісова – "Әсемқоңыр", "Бұлбұл" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданса, оны жұбату, қолдау көрсету Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- Тәттімбет Қазанғапұлы – "Саржайлау", "Бестөре" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- Дина Нұрпейісова – "Әсемқоңыр", "Бұлбұл" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру		Әр баланы күлімсіреп, есімімен атап қарсы алу, Бұл балаға өзін ерекше сезінуге мүмкіндік беру. Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- Құрманғазы Сағырбайұлы – "Сарыарқа", "Адай" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру
Ата-аналарменнемесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Баланың ұсақ моторикасын дамыту Сұхбат сұрақтары: Балаңыз қандай ойындарды жақсы көреді (кұрастыру, сурет салу, пластилин)? Үйде ұсақ моториканы дамытуға көңіл бөлесіз	Ата-аналармен әңгіме: Баланың дербестігін дамыту Сұхбат сұрақтары: Үйде Балаңыз өзі киіне ала ма? Тамақты өзі жей ме? Тазалық дағдыларын өзі орындай ма? Кеңестер:	Психологтың кеңесі: "Баланың ойын дағдылары" Мақсаты: Балаға ойын арқылы әлеуметтік және танымдық дағдыларды дамыту. Ойындарды қолдану арқылы қызығушылықты арттыру. Талқыланатын		Психолог кеңесі: «Баланың көңіл-күйін қалай түсінуге болады?» Практикалық жаттығу: «Қиын эмоцияларды басқару» (сабырлық, ашуды басқару әдістері). Ата-аналармен талқылау: «Отбасылық қарым-қатынас балаға қалай әсер етеді?» Ата-анамен консультация

	бе? Балаңыз түймелерді өзі таға ала ма? Кеңестер: Пластинмен мүсіндеу, саусақпен сурет салу. Мозаика, құрастыру ойыншықтарын пайдалану. Моншақ тізу, түйме тағу секілді жаттығулар жасау.	Баланы өз бетінше киінуге, тамақтануға ынталандыру. Үйде қарапайым тапсырмалар беру (ойыншықтарды жинау). Тәбет ашатын тамақ түрлерін әзірлеуге көмектесу.	мәселелер: Баланың шығармашылық ойыны мен рөлдік ойындар арасындағы айырмашылық. Ойын арқылы балалардың тілін дамыту және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Құрылыс ойындары мен логикалық тапсырмалардың маңызы.		
Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» Ойын шарты: Балалар педагог айтқан сөздердің жалпы атауын жылдам айтып берулері керек. 1. Құлпынай, таңқурай, қарақат – ... (жидектер) 2. Түймедақ, қызғалдақ, раушан – ... (гүлдер) 3. Көбелек, қоңыз, маса, құмырсқа – ... (жәндіктер) 4. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – ... (малдар) 5. Күн, түн, таңертең, кеш – ... (күн уақыты)	Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер?» Мақсаты: Әрбір үй жа-нуарларының төлдерінің аттары мен жабайы жа-нуарлардың аттарын үйрету. Ойын барысы: Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын, немен қоректенетінін, тіршілігін айту. Мысалы: Мысық-сүт-үй жануары, қасқыр-ет-жабайы аң т/б Көрнекілігі: Үй және жа-байы жануарлар суреттері.	Ұлттық құндылық: Ұлттық киімдермен танысу. Өнегелі минут: Киімге ұқыпты қарау. Қауіпсіздік: Киімді дұрыс кию (батырма, бау). Үнемдеу: Киімдерді үнемдеп кию. Ойын: «Киімдер әлемі»		Ұлттық құндылық: Ата-бабаны құрметтеу. Өнегелі минут: Үлкендерге алғыс айту. Қауіпсіздік: Электр құралдарынан сақтану. Үнемдеу: Электр қуатын үнемдеу. Ойын: «Рақмет айту» Ойын барысында балалар бір-біріне көмек көрсетіп, соңында «рақмет» деп алғыс айтады. Әр әрекетке жақсы сөз табу үйретіледі. (Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу, Ұлттық құндылық дағдыларын қалыптастыру)
Таңертенгілік жаттығу	Таңғы жаттығу №6 "Арыстан мен қоян" – Арыстан болып айғайлау, қоян болып секіру.	Таңғы жаттығу кешені №7 Күн сәулесі" – Қолды екі жаққа созып, айналду.	Таңғы жаттығу кешені №14 "Ғарышқа ұшу" Музыка: "Ғарышкер боламыз"		Таңертеңгі Жаттығу кешені №5 "Көбелектің ұшуын салу" – Екі қолды жоғары-төмен қимылдату. "Бұлақ суы" – Қолды айналдырып, су ағысын бейнелеу.

	"Желмен тербелген бидай" – Белді оңға-солға айналдыру. "Бақбақтың түтігі" – Терең тыныс алып, үрлеу.	"Құстардың ұшуы" – Қолды жоғары-төмен қозғалту. "Жерден алма теру" – Еңкейіп, қолды жоғары көтеру.	"Зымыранды оталдыру" – Қолды жоғары көтеріп, баяу көтеріліп, секіру. "Ғарышта ұшамыз" – Қолды екі жаққа жайып, айналу. "Жерсеріктерді зерттеу" – Алға еңкейіп, айнала қарау. "Жұлдыздарға секіру" – Жеңіл жоғары секіру. "Ғарыштан ораламыз" – Терең тыныс алу, қолды төмен түсіру.		"Секіргіш қоян" – Орындарында секіру.
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӨ	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау "Үнемділікке баулу" Міндеті: Балаларды ресурстарды (су, жарық, қағаз) үнемдеуге үйрету. Ойын:"Кранды жап" Балаларға судың маңызын түсіндіру. Ойын барысында балалар су құятын ыдыстарды толтырып, қажетсіз жағдайда кранды жабуды үйренеді. Қол жуып болған соң, кранды жабу әрекетін қайталау.		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу

Кестеге сәйкес ҮІӨ	Сауаташу негізі Мақсаты: Берілген сөзге сөйлем құрастыру. Ойын барысы: «Сөз – сөйлем» – балалар бір сөз таңдайды (мысалы: доп), соған байланысты сөйлем ойлап айтады. Дене тәрбиесі Маманының жоспары бойынша Көркем әдебиет Мақсаты: Сахналық қойылымға қызығушылық ояту, рөлге кіруге ынталандыру Шара: Сахналық ойын «Мақта қыз бен мысық» Барысы: Балалар рөлдерді тандап, диалогтарды мәнерлеп оқиды. Қимылмен және интонациямен ойнайды. Қосымша: Костюм элементтерімен образды толықтыру. Музыка Маманының жоспары бойынша Шығармашылық бейнелеу «Жолда жүру ережелері» Мақсаты: Жол белгілерін танып, қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын дамыту. Іс-әрекеттер:	Дене тәрбиесі Маманының жоспары бойынша Сауаташу негізі Мақсаты: Сөз мағынасына қызығушылықты арттыру, сөздерге дыбыстық талдау жасау. Ойын барысы: «Сөзді шеш!» – сөз айтылады, балалар оның дыбыстық құрамын айтып береді (ал-ма: а – дауысты, л – дауыссыз...). Сөйлеуді дамыту Мақсаты: Сөйлеу әдебін қолдану (сәлемдесу, қоштасу) Ойын: «Қонаққа бардық» Барысы: Рөлдік ойын арқылы амандасу, қоштасу, алғыс айту. Тапсырма: Әдепті сөздерден сөйлемдер құрау. Қоршаған ортамен таныстыру Мақсаты: Баланың отбасы мүшелері туралы түсінігін кеңейту. Барысы: Әр бала өз отбасы мүшелерімен	Сауат ашу негізі Мақсаты: Берілген сөзге сөйлем құрастыру. Ойын барысы: «Сөз – сөйлем» – балалар бір сөз таңдайды (мысалы: доп), соған байланысты сөйлем ойлап айтады. Дене тәрбиесі Маманының жоспары бойынша Сөйлемді дамыту Мақсаты: Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолдану Ойын: «Сөйлемді таны» Барысы: Тәрбиеші сөйлем айтады – бала оның түрін анықтайды. Тапсырма: Сурет бойынша әр сөйлем түрімен сөйлем құрау. Математика негізі «Кім биік, кім аласа?» Тапсырмалар: Балалардың бойын салыстыру (биік-аласа). Кубиктерден әртүрлі биіктіктегі мұнаралар жасау және салыстыру. Шартты өлшемдер (ленталар, қарындаштар) көмегімен заттардың биіктігін өлшеу.		Математика негізі «Бағыттар әлемі» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Барысы: Балалар топпен қатар тұрады. түрлі бағыттарды айту («екі қадам алға», «солға бұрыл», «бір қадам артқа»). Балалар берілген нұсқаулықты дұрыс орындауы керек. Музыка Маманының жоспары бойынша Қоршаған ортамен таныстыру Мақсаты: Батырлар туралы түсінік беру, отанды сүюге тәрбиелеу. Мазмұны: Бауыржан Момышұлы, Әлия, Мәншүк, Рахымжан туралы қарапайым ақпарат. Ойын: «Батыр кім?» — суретті көрсетіп, кім екенін табу. Қазақ тілі «Менің үйім» Мақсаты: Балалардың өз үйлері туралы айтып үйренуі. Іс-әрекет барысы: Сұхбат: Балалар өз үйлері (пәтер, жер үй) туралы әңгімелейді. Ойын: «Үйді сипатта!» (Балалар сурет арқылы үйлерін сипаттайды). Өлең: «Үйім – менің қорғаным, Барша жанға ордамын, Тату-тәтті тұрамыз, Әкем, шешем, бауырым»
--------------------------------------	---	---	---	--	---

	Сурет салу: Балалар жол мен жол белгілерін салады. Құрастыру: Макет жасап, жол белгілерін орналастыру. Мүсіндеу: Балшықтан машиналар жасау. Жапсыру: Түрлі-түсті қағаздан бағдаршам қиып, жапсыру. Ойын: «Жүргінші мен жүргізуші» – балалар жолда жүру ережелерін рөлдік ойын арқылы үйренеді.	таныстырады, олар не істейтінін айтып береді. Ойын: «Отбасын құрастыр» — суреттер арқылы отбасы мүшелерін дұрыс орналастыру.			
--	--	---	--	--	--

Серуенге дайындық	"Менің көктемгі киімім" (Сөздік қорды байыту) Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтеңке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу.	"Көктемде қалай киінеміз?" (Серуенге дұрыс киіну дағдысын бекіту) балаларға көктемгі ауа райына сәйкес киіну керектігін түсіндіру "Не артық?" ойыны – әртүрлі киімдерді көрсетіп, балалар тек көктемгі киімдерді таңдайды. Балалар өздігінен киініп, бір-біріне көмектеседі.	"Киіну мен шешіну реті" (Реттілікті сақтау дағдысын жетілдіру) Балалар дұрыс киіну ретін қайталайды. "Қайсысы бірінші?" ойыны – Балалар киіну ретін рет-ретімен айтып береді. Серуеннен кейін балалар өздігінен шешінеді, киімдерін шкафқа дұрыс орналастырады.	"Серуенге дайынбыз!" (Барлық дағдыларды бекіту) Балалар ешкімнің көмегінсіз өз бетімен киінеді. "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету
Серуен	Серуен №11 "Жаңбыр тамшылары" Бақылау: Жаңбырдың жерге түсуін, шалшықтардың пайда болуын бақылау. Еңбекке баулу: Шалшықтарды айналып өту, аяқ киімді таза ұстау. Тәжірибе: "Су қайда сіңеді?" (Жерге су құйып, қалай сіңетінін көру). Қимылды ойын: "Жаңбырдан қашу" (Балалар шатыр астына тығылады). Сөйлеу дағдысы: "Жаңбыр қалай жаады?" (Тамшы-тамшы, сылдыр-сылдыр).	Серуен №12 "Көктемгі киім" Бақылау: Балалардың көктемгі киімдерін қарастыру. Еңбекке баулу: Киімдерін реттеу, батпақтан сақтану. Тәжірибе: "Неге біз қалың киінбейміз?" (Көктемнің жылыну себебін түсіндіру). Қимылды ойын: "Киім кию" (Кім жылдам қалпақ, шалбар, етік киеді). Сөйлеу дағдысы: "Көктемде қандай киім киеміз?" (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру)	Серуен картотекасы №26 "Көктемгі құм" (Құмның қасиеттерін бақылау, ойындар ойнау) Балалардың дербес әрекеті: Құммен түрлі формалар жасау. Ылғалды және құрғақ құмның айырмашылығын көру. Қимылды ойын: "Құмдағы іздер" – Балалар құмда із қалдырып жүреді. Бақылау, зерттеу: "Құмның түсі қандай?" – Түрлі реңктерін көру. "Құмды суға қосса не болады?" – Ылғал құмның қасиеттерін байқау. Еңбекке баулу: Құм алаңын реттеу. Құмды бір жерден екінші жерге тасу.	Серуен №5 "Жәндіктер әлемі" Бақылау: Құмырсқалар, көбелектер, қоңыздарды бақылау. Еңбекке баулу: Ауладағы ұсақ тастарды жинау. Тәжірибе: "Құмырсқа жүгі неге ауыр?" – құмырсқаның жүк тасуын бақылау. Қимылды ойын: "Көбелек пен тор" (Көбелектер қашып, торға түспеуі керек). Сөйлеу дағдысы: "Жәндіктер қалай қозғалады?" – жорғалайды, ұшады, секіреді. (Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс Қоршаған ортамен таныстыру Денешынықтыру*** Қазақ тілі***)

	(Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру эксперименттік жұмыс Қоршаған ортамен таныстыру Денешынықтыру*** Қазақ тілі***)	эксперименттік жұмыс Қоршаған ортамен таныстыру Денешынықтыру*** Қазақ тілі***)	(Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу)		
Серуенненоралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру		Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне –өзі қызмет етуге баулу
Жеке баламен жұмыс	Жаттығу: «Лақтырда тосып ал» Мақсаты:Допты екі қолдап лақтырып тосып алуға үйрету.	Логикалық тапсырмалар: «Суреттен не көріп тұрғаныңды айтып бер».Ағаш пен бұта,бұта мен шөп несімен ұқсас және айырмашылықтары неде?	Баланың заттарды, түстерді, пішіндерді ажырата білуін жетілдіру. Жұмыс түрлері: «Түстерді тап» – түрлі түсті текшелерді сәйкестендіру. «Пішінді ата» – үшбұрыш, шеңбер, төртбұрышты табу және атау..		Фигураларды жиынтықтарға жина(әрбір жиынтықты сызықпен қорша)
Балалардың дербес әрекеті(қимылды қ ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа,	"Жапырақтар мен гүлдерден картиналар жасау" Мақсаты: Эстетикалық сезімді дамыту және жапырақтарды танып	Сағымды дәндерден суреттер жасау" Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту және қиялды жетілдіру. Қажетті материалдар:	Ұлттық құндылықты дамыту "Оюмен танысу" Балаларға қазақтың ұлттық оюларының үлгілері беріледі. Олар оюларды		Мақсаты: Логикалық байланыс орнату, бірізділікпен әңгімелеу Ойын: «Не бұрын, не кейін?» Іс-әрекет: Сурет бойынша

тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)	білу. Қажетті материалдар: Өртүрлі жапырақтар мен кептірілген гүлдер, қағаз, желім. Жұмыс барысы: Бала жапырақтар мен гүлдерді қағаз бетіне жабыстырып, табиғат тақырыбында қарапайым картиналар жасайды. Бұл жаттығу түстерді тануға және табиғатты қорғауға тәрбиелейді. Эстетикалық сезімді дамыту, танымдық дағдылар	Өртүрлі дәндер (күріш, тары, бұршақ), желім, қағаз. Жұмыс барысы: Дәндерді қағаз бетіне жабыстырып, әртүрлі оюлар немесе пейзаждар жасауға болады. Бұл әдіс балаларды ұсақ заттарды тиянақты әрі зейінмен орналастыруға үйретеді. Ұсақ моториканы дамыту дағдысы, жапсыру	жұмсақ сазбалшықтан немесе ермексаздан жасап көреді, бұл қолдың ұсақ моторикасын жетілдіреді.		оқиғаның ретін анықтау
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.		Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы:Кіндікқарағай ауылының негізгі орта мектебі
Топ \сынып :мектепалды сынып
Балалардың жастары: 5 жастағы
Жоспарлау күні: 05.05.25 - 09.05. 2024 - 2025 оқу жылы

Күнтәртібі	Дүйсенбі 05.05.2025	Сейсенбі 06.05.2025	Сәрсенбі Демалыс 07.05.2025	Бейсенбі 08.05.2025	Жұма Демалыс 09.05.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Балалардың үйде немен	Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасызданда, оны		Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен	

	айналысқанын , бүгінгі көңіл күйін сұрау Медбике тексеруі ҚР Гимн орындау «Күй күмбірі»- Құрманғазы Сағырбайұлы – "Сарыарқа", "Адай" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	жұбату, қолдау көрсету Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- Тәттімбет Қазанғапұлы – "Саржайлау", "Бестөре" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру Ұлттық құндылықты дәріптеу «Ұлттық киімдер»: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы айтып, суреттер көрсету. Киімдерді көрсетіп, олардың маңызын түсіндіру.		байланыс жасауына көмек көрсету. Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- Қазанғап Тілепбергенұлы – "Көкіл", "Шыныаяқ тастар" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	
Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Кеңес беру: «Үйде сөйлеу дағдыларын қалай дамытуға болады?» Практикалық жаттығулар: Ата-аналармен бірге ертегі оқу, әңгімелесу жаттығуларын жасау. «Күнделікті 10 минут» (Күніне 10 минут баламен әңгімелесу, сұрақ қою, ой бөлісу). .Ата-анамен консультация	"Баланың ұсақ моторикасын дамыту" Мақсаты: Саусақ моторикасының маңызын түсіндіру. Баланың қол бұлшықеттерін дамытуға көмектесетін ойындармен таныстыру. Талқыланатын мәселелер: Ұсақ моторика мен сөйлеу арасындағы байланыс. Саусақ жаттығулары мен пластилин, ермексаз, қиынды қағазбен жұмыс жасау. Үйде қолдануға болатын		"Баланың қозғалыс белсенділігі: денсаулық кепілі" Мақсаты: Баланың қимыл-қозғалыс белсенділігінің маңызын түсіндіру. Үй жағдайында қимылдық ойындарды ұйымдастыру жолдарын қарастыру. Талқыланатын мәселелер: Қимыл-қозғалыстың физикалық және психологиялық маңызы. Баланы дұрыс отыруға, жүруге, жүгіруге үйрету. Ата-анамен консультация	

		қарапайым әдістер. Ата-анамен консультация			
Балалардың іс-әрекеті(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Ұлттық құндылық: Қонақ күту – қазақ дәстүрі. Өнегелі минут: Үлкенге орын беру – әдептілік белгісі. Қауіпсіздік: От пен сіріңкеге жолама! Үнемдеу: Су мен жарықты өшіріп жүру. Ойын: «Қонақ күтеміз» Балалар қонақ рөлінде, біреулері үй иесі болып бөлінеді. Ыдыс-аяқ, дастархан жайылады, қазақша сәлемдесу, орын ұсыну, шай құю әрекеттері орындалады. (Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу, Ұлттық құндылық дағдыларын қалыптастыру)	Ұлттық құндылық: Киіз үйдің құрылысы. Өнегелі минут: Сәлемдесу – үлкенге құрмет. Қауіпсіздік: Ас үйдегі қауіпсіздік. Үнемдеу: Тамақты ысырап етпе. Ойын: «Киіз үй құрастырайық» Киіз үй макетін жұмсақ бөлшектерден жинайды. Балалар есік, кереге, уық, шаңырақ атауларын атап, өзара көмекпен жинайды. (Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу, Ұлттық құндылық дағдыларын қалыптастыру)		Ұлттық құндылық: Дәстүрлі тағамдармен танысу (құрт, бауырсақ). Өнегелі минут: Үстел басындағы әдеп. Қауіпсіздік: Ыстық тағамға абай бол! Үнемдеу: Ас та төкпе. Ойын: «Аспазшы мен қонақ» Балалар бірі – аспазшы, екіншісі – қонақ. Аспазшы ұлттық тағам дайындайды (ойыншық түрінде), қонақ әдеппен қабылдайды. (Өнегелі минут, Қауіпсіздік, Үнемдеу, Ұлттық құндылық дағдыларын қалыптастыру)	

Таңертенгілік жаттығу	Таңертеңгі Жаттығу №1 "Көңілді жануарлар" Музыка: "Аю отыр партада" "Аю оянды" – Қолды жоғары көтеріп, созылу. "Қоян секірді" – Орындарында жоғары секіру. "Түлкінің құйрығы" – Бір аяқпен тепе-теңдікті ұстау. "Үндемес тасбақа" – Баяу еңбектеу. "Қанат қаққан құстар" – Қолды жан-жаққа сермеу.	Таңертеңгі Жаттығу кешені №2 "Күншуақта серуен" Музыка: "Күннің көзі ашылды" "Күнге қараймыз" – Қолды жоғары созып, керілу. "Желмен тербелеміз" – Денені оңға, солға баяу бұру. "Көбелектің қанаты" – Қолды екі жаққа созып, баяу сермеу. "Гүлге секіру" – Аяқпен жеңіл секіру. "Жапырақтай тербелу" – Жайлап отырып, қайта тұру.		Таңертеңгі Жаттығу кешені №4 "Жаңбырдан кейін" Музыка: "Жаңбыр жауды" "Бұлттар келді" – Қолды жоғары көтеріп, баяу сермеу. "Жаңбыр тамшылары" – Саусақтармен тырсылдатып, қолды төмен түсіру. "Кемпіркосақ" – Денені оңға, солға иіп, қолмен доға сызу. "Шалшықтан секіру" – Бір орында жеңіл секіру. "Күн шықты" – Қолды жоғары көтеріп, айналу.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҮІӘ	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу		Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	

Кестеге сәйкес ҮІӨ	Сауаташу Мақсаты: Сөздің мағынасын түсінуге, мағынасы бар сөздерді басқа сөздерден ажырата білуге үйрету. Ойын барысы: «Артық сөзді тап!» – балаларға 4 сөз беріледі, біреуі мағына жағынан сәйкес келмейді (мысалы: алма, банан, көз, алмұрт). Балалар артық сөзді атайды. Дене тәрбиесі Маманының жоспары бойынша Көркем әдебиет Мақсаты: Айтыс элементтерін үйрету, ауызша жауап қайтару Шара: «Кім тапқыр?» шағын айтыс ойыны Барысы: Балалар 2 топқа бөлінеді. Бірі сұрақ қойып (шумақпен), екіншісі жауап береді. Музыка Маманының жоспары бойынша Шығармашылық бейнелеу «Түстердің үйлесімі» Мақсаты: Түстер мен реңктерді сезіну, оларды үйлестіре білу. Барысы: Түстерді араластыру	Дене тәрбиесі Маманының жоспары бойынша Сауаташу Мақсаты: Сөздерді буынға бөлуге үйрету, буын санын анықтау. Ойын барысы: «Шапалақтап сана» – тәрбиеші сөз айтады, балалар буын санына қарай шапалақтайды (ме-се-ле, қа-лам т.б.). Сөйлемді дамыту Мақсаты: Синоним сөздерді қолдану Ойын: «Мағынасы ұқсас сөзді тап» Барысы: Тәрбиеші сөз айтады («жақсы»), бала оған синоним сөзді табады («жақсы – тамаша»). Шығармашылық тапсырма: Синоним сөздерді қолданып сөйлем құрастыру. Қоршаған ортамен таныстыру Мақсаты: Ойыншықтарды ұқыпты ұстау және жинауға тәрбиелеу. Мазмұны: Еңбектің мәні мен маңызын түсіндіру. Ойын: «Жинап қояйық!» — белгі бойынша ойыншықтарды орнына қою.		Көркем әдебиет «Шешендік өнерге қадам» (сөз саптау, мәнерлі сөйлеу) Тапсырмалар: «Санамақ» жаттау, оны ырғақпен айту. Жаңылтпаш айту жарысы. «Мен - жүргізушімін» ойыны: балаларға әртүрлі тақырып беріп, оларды әңгімелеп, көркемдеп жеткізуге үйрету. Қысқа шешендік сөздерді жаттау (мысалы, Төле бидің, Әйтеке бидің немесе Қазыбек бидің сөздері). Қазақ тілі «Киім дүкені» Мақсаты: Киім атауларын меңгерту. Барысы: Киім атауларын атау (көйлек, шалбар, етік, шапан). «Мен не киемін?» ойыны (тәрбиеші бір мезгілді айтып, балалар сәйкес киімдерді атайды). «Дүкен» ойыны (балалар сатушы мен сатып алушы рөлінде киімдерді сұрайды). Математика негізі «Бір» деген не?	
----------------------------------	--	--	--	---	--

	арқылы жаңа реңктер алу тәжірибесі. Балалар өз қалауы бойынша қағаздың фонын тандап, бояулармен жұмыс жасайды. «Сиқырлы түстер» ойыны (балалар белгілі бір түстерді пайдаланып сурет салады).			Мақсаты: «Бір» санының мағынасын түсіндіру, оның жеке затты да, топтағы бөлікті де білдіретінін көрсету. Тапсырмалар: «Бір алма», «бір топ бала» мысалдарын түсіндіру. «Топта неше бала бар?» ойыны. Суреттерден «бір» сөзінің мағынасын табу.	
--	--	--	--	---	--

Серуенгедайындық	"Киімімді дұрыс киімін" (Өзін-өзі күту дағдысын дамыту) балаларға көктемде қандай киімдер кию керектігін көрсету "Алдымен іш киім, содан кейін шалбар, жемпір, сосын күртеше" деп ретімен түсіндіру Балалар тәрбиешінің көмегімен өз бетінше киінеді.	"Бір-бірімізге көмектесеміз" (Қайырымдылық пен достықты дамыту) Балалар киіну кезінде бір-біріне көмек көрсетеді (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады.		"Киім қайда тұрады?" (Тазалыққа және тәртіпке баулу) Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу	
Серуен	Серуен картотекасы №1 "Көктемгі өзгерістер" 1 Балалардың дербес әрекеті: Балаларға құмда, асфальтта, шөпте жүруді сезіну үшін түрлі жерлермен жүру ұсынылады. 2 Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» ойыны (тәрбиеші «күн шықты» десе, балалар секіреді, «жаңбыр жауды» десе, басын жасырады). 3 Бақылау: Ағаш бүршіктерін, көктемгі гүлдерді бақылау. Балалардан «Ағаштар қыста қандай болды?»	Серуен картотекасы №2 "Бұлттар мен жел" 1 Балалардың дербес әрекеті: Балалар аулаға еркін шығып, желдің әсерін сезініп, жүгіріп, ойнайды. 2 Қимылды ойын: «Жел мен ағаш» ойыны (тәрбиеші «жел соқты» дегенде, балалар ағаш секілді шайқалады). 3 Бақылау: Аспандағы бұлттарды бақылау (ақ, қара, пішіндерін талқылау). Желдің бағытын анықтау (шаш, жапырақ қалай қозғалады?). 4 Еңбекке баулу: Қоқыстарды жинау Адамгершілік, экологиялық		Серуен картотекасы №4 "Көктемгі жаңбыр" 1 Балалардың дербес әрекеті: Суланған жерге баспай жүру, судың тамшылағанын бақылау. 2 Қимылды ойын: «Тамшылар» ойыны (балалар жаңбыр тамшысы секілді биіктен төмен секіреді). 3 Бақылау: Жаңбыр тамшыларын, су жиналған жерлерді қарастыру. Судың дыбысын тыңдау, оның түсін бақылау. 4 Еңбекке баулу: Топырақты суарып көру, оның түсі мен құрылымының өзгеруін	

	«Қазір қалай өзгерді?» деп сұрау. 4 Еңбекке баулу: Жапырақтар мен қоқыстарды жинау. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру	білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру,		бақылау.	
Серуенненоралу	Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Балалар серуеннен кейін міндетті түрде қолдарын сабынмен жуады. Балалардың денесін шынықтыру мақсатында жеңіл жаттығулар немесе тыныс алу гимнастикасы өткізіледі. Бұл олардың денсаулығын нығайтып, иммунитетін көтереді.Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру		Киімдерді ретке келтіру: Балалар өздерінің сыртқы киімдерін шешіп, арнайы орындарға іледі немесе шкафтарға орналастырады. Қажет болған жағдайда киім ауыстыру: Егер балалардың киімі ластанған немесе суланған болса киімдерін ауыстыруға көмектесу.Жеке гигиенаны сақтауға баулу	
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	"Қайсысы артық?" (Заттарды салыстыру) Міндеті: Балаларға заттардың көлемін, ұзындығын салыстыруды үйрету және "артық", "кем", "тең" ұғымдарын меңгерту. Ойын барысы: Әр түрлі ұзындықтағы жіптер немесе ленталар	"Киіз үйдің бөлшектерін салыстыр" Мақсаты: Балаларға ұлттық құндылықтар ұғымын сіңіру және заттарды салыстыру қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балаларға киіз үйдің макет бөліктері (мысалы, шаңырақ, кереге, уық) беріледі. Балалар әрбір бөлшектің үлкенін		"Қуыршақтарға киім тандау" Мақсаты: Балаларға киім үлгілерін, әсіресе ұлттық киімдерді таныту және олардың ерекшеліктерін ажыратуға үйрету. Ойын барысы: Қуыршақтарға арналған әртүрлі киімдер ұсынылады. Әрбір киімнің ұлттық	

	ұсынылады. Балалардан жіптерді салыстыруды сұрап, "Қайсысы ұзын?" "Қайсысы қысқа?" деген сұрақтар қойылады. Балалар ұзындықтары артық немесе кем екенін анықтап, өз жауаптарын айтады. Таным дағдысын қалыптастыру	және кішісін таңдап, "қайсысы артық?", "қайсысы тең?" сұрақтарына жауап береді. Бұл арқылы киіз үйдің ұлттық элементтерін де таниды. (Математика негізінде Ұлттық құндылықтарға жақындату)		нақыштары мен сәнделу ерекшеліктері туралы түсіндіріледі. "Қайсысы артық?", "Қайсысы үлкен?", "Қайсысы кішкентай?" деген сұрақтар арқылы киімдерді салыстырады. Бұл ойын балаларға заттардың көлемін салыстыра білуге және ұлттық киімдерді тануға көмектеседі. Математика негізі мен ұлттық құндылықты дамыту	
